Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Ленин туы

Шығуына 25-ші жыл
№ 49 (6750)
1944 жыл
Жұма
10 Март
Бағасы 20 тыйын

КК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Комсомолецтер мен жастар! Соғыс кезіндегі үшінші көктемгі егіске мүлтіксіз әзірленіп, оны үлгілі өткізуде, сөйтіп быйыл егіннен неғұрлым мол өнім алуда қажірлі еңбек істеп, ҚК(б)П облыстық комитеті мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы Қызыл туына ие болу үшін күресіңдер.

КОЛХОЗДЫ АУЫЛ-ДЕРЕВНЯ ЖАСТАРЫ, СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСҚА ҚОСЫЛЫҢДАР!

ҚК(б)П обкомі мен облыстық кеңестің атқару комитетінде

944 ЖЫЛЫ КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ДАЯРЛАНУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨТКІЗУДЕ ОБЛЫС КОМСОМОЛЕЦТЕРІ МЕН ЖАСТАРЫ АРАСЫНДА СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТЫ ӨРІСТЕТУ ТУРАЛЫ

Көктемгі егіске ойдағыдай даярлану және оны агротехникалық жоғары дәрежеде, қысқа мерзімде өткізу мақсатымен, ҚК(б)П обкомінің бюросы мен облыстық кеңес аткомі ҚЛКЖС обкомін, ҚК(б)П және ҚЛКЖС аудандық комитеттерін, астауыш партия, комсомол ұйымдарын ауыл-село жастары арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетуге міндеттеді.

Социалистік жарыста үздік шыққандарға тапсыру үшін облыстық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы төрт Қызыл туы белгіленді, бұл Қызыл тулар:

а) облыста социалистік жарыста бірінші орынға ие болған аудандық комсомол ұйымына;

б) комсомолецтер мен жастардың өндірістік жұмысында жақсы нәтижеге жеткен колхоз, совхоз астауыш комсомол ұйымына;

в) өндіріс жұмысында ерекше жоғары нәтижеге жеткен комсомол-жастар трактор бригадасына;

г) агротехниканың барлық ережесін қолдана отырып егісті қысқа мерзімде өткізген комсомолец-жастардың мол өнімшілер звеносына тапсырылатын болды.

Обком бюросы мен облыстық кеңес аткомі жарыс шарттарын бекітті.

Көктемгі егіске даярлану және оны өткізуде көрнекті жұмыс нәтижесіне ие болған ауыл шаруашылығының озат жастарына тапсыру үшін облыстық партия комитеті мен облыстық кеңестің хүрмет грамотасы белгіленді. ҚК(б)П обкомі мен облыстық кеңестің ауыспалы Қызыл туы мен хүрмет грамотасын облыстық комиссия аудандық партия комитеттерінің, еңбекшілер депутаттары аудандық кеңестерінің, ҚЛКЖС облыстық, аудандық комитеттерінің ұсынуы бойынша тапсырады.

Ауыл шаруашылығы озаттарына сыйлық беру үшін облыстық бюджеттен ақшадай 20 мың сомдық сыйлық қоры бөлінеді.

Жастардың социалистік жарысының барысына басшылық жасау және Қызыл туларды, грамоталар мен сыйлықты тапсыру үшін мына жолдастардан облыстық комиссия құрылсын: ҚК(б)П обкомінің секретарі Конин жолдас (председатель), ҚЛКЖС обкомінің секретарі Жайсаков жолдас (председательдің орынбасары), облыстық кеңес аткомі председателінің орынбасары Скворцов, облыстық жер бөлімінің бастығы Штифанов, астық совхоздары тресінің директоры Вяткин, ҚК(б)П обкомі ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Федотов, ҚЛКЖС обкомінің шаруа жастары бөлімінің меңгерушісі Глущенко жолдастар.

ҚК(б)П обкомінің бюросы мен облыстық кеңес аткомі облыстық, аудандық газеттердің редакторлары мен облыстық радио комитетін ауыл-село жастары социалистік жарысының барысын баспасөзде және радио арқылы кеңінен жариялауға міндеттеді.

ҚК(б)П обкомі мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы Қызыл туын облыста социалистік жарыста үздік шыққан аудандық комсомол ұйымының алу

ШАРТЫ

ҚК(б)П обкомі мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы Қызыл туы мынадай нәтижеге ие болған аудандық комсомол ұйымына тапсырылады:

1. Көктемгі егіске даярлану және өткізу ісіне аудан комсомолецтерінің кемінде 75 процентінің белсене қатысуына жетіскен.

2. Колхоздардың, совхоздар мен МТСтардың комсомол ұйымдары, комсомолец-жастардың трактор бригадалары, мол өнімшілер звенолары арасында және жастардың өзара социалистік жарысын ұйымдастырып, көктемгі егісте комсомолецтер мен жастардың жұмыста өндірістік жоғары нәтижесіне ие болған

3. МТСта кемінде 2—3 комсомол-жастар трактор бригадасы мен әр колхозда бір мол өнімшілер звеносын ұйымдастырып, бұлардың жұмысында жоғары нәтижеге ие болған.

4. Мәдениет бригадаларының концерт беруі, дауыстап газет-журналдар оқуы, әңгімелер өткізуі арқылы көктемгі егіс жұмыстары кезінде жастар мен барлық колхозшыларды мәдениетті қамту ісін ұйымдастырып, колхоздарға, егіс бригадаларына газеттердің, жауынгерлік листоктардың, көркем әдебиет кітаптарының дер кезінде жеткізілуін қамтамасыз етіп, колхоздың әрбір бригадасында табыс тақталарын ұйымдастырған.

ҚК(б)П обкомі мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы Қызыл туын комсомол-жастардан құралған мол өнімшілер звеносының алу

ШАРТЫ

ҚК(б)П обкомі мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы Қызыл туы мынадай нәтижеге ие болған комсомол-жастар мол өнімшілер звеносына тапсырылады:

1. Мол өнімшілер звеносының мүшелері арасында және өз колхозының немесе көршілес колхоздың басқа звеносымен социалистік жарыс ұйымдастырған.

2. Звенодағы бекітіліп берілген барлық егіс алаңына қар тоқтату жұмысын жүргізіп, егіс жеріне кемінде 50 сантиметрі қалыңдықта қар тоқтатқан.

3. Өзінің егіс учаскесіне мынадай жерігілікті тыңайтқыш заттар: кемінде 10 гектар жерге көң, 5—6 гектар жерге күл және күе қыйын тасыған.

4. Өз учаскесінде жерді тұқым себе алдында бороналап, культивациялаған.

5. Агротехника талабын мүлтіксіз орындай отырып, егісті 10 жұмыс күні ішінде өткізген.

6. Дәнді егіннің арам шөбін екі рет отап, егіннің қатар аралығын екі рет өңдеу ісін қамтамасыз ет-тәріптілігін арттырған.

7. Егін соғу жұмысын ешбір ырасыз, белгіленген мерзімде өткізген.

8. Дәнді егіннің әр гектарынан—15 центнер, картофтан 120 центнер, күнбағыстан—12 центнер, зығырдан—8 центнер, кендіріден—10 центнер, екі жылдық көк сағыздан кемінде 10 центнер, бір жылдық көк сағыз егісінен 8 центнер өнім алған.

9. Звено мүшелері арасында агротехникалық оқу өткізген.

10. Таңдаулы комсомолецтер мен үгітші жастардың күшімен үнемі әңгімелер, дауыстап газет оқу ісін өткізіп, газет журналдарды звенодағы мезгілінде жеткізген, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарды үздіксіз шығарған.

11. Көктемгі егіске даярлану және өткізу кезінде звено мүшелерінің кемінде 10 күнде бір рет кеңесін өткізіп, онкүндікте істелген жұмыстың қорытындысын шығарған, үлгілі тәртіп орнатып, бригадалардың барлық мүшелерінің іскерлігі мен

ҚК(б)П обкомі мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы Қызыл туын комсомол-жастар трактор бригадасының алу

ІШАРТЫ

ҚК(б)П обкомі мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы Қызыл туы мынадай нәтижеге ие болған комсомол-жастар трактор бригадасына тапсырылады:

1. Бригаданың барлық мүшелері арасында және екінші бір комсомол жастар трактор бригадасымен социалистік жарыс ұйымдастырған.

2. Бригаданың тракторлары мен ауыл шаруашылық құрал-саймандарының ремонтын кемінде «жақсы» деген бағамен 1944 жылғы 20 мартқа дейін толық аяқтаған.

3. Бригаданың барлық трактористерін әбзелдердің бәрімен, хажетті жабдықтар: май күятын аспаптар, шелектер, бөшкелермен қамтамасыз еткен.

4. Бригада да тракторлар мен ауыл шаруашылық құрал-саймандарын дала жағдайында МТМлардың механиктері мен жұмысшыларының қатысуынсыз ремонттау үшін әрбір тракторшының егіс басталғанға дейін слесарьдің, мысшының, темір ұстасының мамандығын меңгеруіне жеткен. Тракторлар мен ауыл шаруашылық құрал-саймандарын ойдағыдай баптап-күткен. Бригада да трактористер мен прицепщиктердің трактор жүргізу өнерін меңгеруі жөнінде техникалық оқуын ұйымдастырған.

5. Бригаданың барлық трактористері мен прицепщиктерінің агротехника оқуын ұйымдастырған. Егісті агрономиялық ережені толық қолдануымен өткізген.

6. Көктемгі егісті 10—12 жұмыс күнінде аяқтаған. Егіс жұмысын сапалы өткізіп, тұқым сепкішке астық салғанда және оны тасығанда астықты ысырапқа ұшыратпаған.

7. Көктемгі егіс кезінде 15 күшті тракторімен кемінде 120 гектар жер жырткан.

8. Әрбір трактористің кемінде 15 процент жанар және жағар майды үнемдеуіне жеткен.

9. Бригада мүшелерін газеттермен, кітаптар және музыка құралдарымен қамтамасыз етіп, күн сайын саяси информация, газет оқу ісін ұйымдастырған. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарып, бригада мүшелері арасында үлгілі тәртіп орнатқан.

ҚК(б)П обкомі мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы Қызыл туын колхоз, совхоз бастауыш комсомол ұйымының алу

ШАРТЫ

ҚК(б)П обкомі мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің ауыспалы Қызыл туы мынадай нәтижеге ие болған комсомол ұйымына тапсырылады:

1. Көктемгі егіске даярлану және оны өткізуде колхоздың немесе совхоздың барлық комсомолецтері мен комсомолда жоқ жастарының өндіріс жұмысының шешуші учаскелеріне белсене қатысуын қамтамасыз етіп, егісті ойдағыдай өткізуде колхоз басқармасына немесе совхоз дирекциясына нақтылы көмек көрсеткен, комсомолецтердің және жастардың күшімен көктемгі барлық да жұмыстарының, кемінде 75 процентін орындаған.

2. Егіннен мол өнім алу жөнінде комсомолец-жастардан звено ұйымдастырып, барлық агротехника ережесін мұлтіксіз қолдана отырып, олардың көктемгі егіс жұмыстарын высқа мерзімде орындауына жеткен.

3. Мәдениет бригадаларын ұйымдастыру, олардың егіс басында концерт, көркем өнер кешін, дауыстап газет оқуы, әңгіме өткізуі, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығаруы арқылы көктемгі егіс кезінде жастар мен барлық колхозшыларды мәдениетті қамту ісін ұйымдастырған. Табыс тақталарын ұйымдастырып, газет-журналдардың, көркем әдебиет шығармаларының дер кезінде жеткізілуін қамтамасыз еткен. Сталин жолдастың «Кеңестер Одағының ұлы отан соғысы» туралы кітабын және ағымдағы саясат мәселелерін жастардың көктемгі егіс кезінде үйірмелерде оқып-үйренуі ісін ұйымдастырған.

4. Комсомолецтер мен жастар және барлық колхозшылар мен совхоз жұмысшылары арасында социалистік жарысты өрістетіп, әрбір комсомолец пен жас колхозшының күнделікті жұмыс тапсырмасын 150—200 процент орындауына жеткен.

Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жыйылыс

8 март күні кешке, облыстық драма театрында халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жыйылыс болып өтті. Жыйылысқа партия, кеңес, комсомол, профсоюз және басқа қоғам ұйымдарының өкілдері қатысты.

Салтанатты жыйылысты ҚК(б)П обкомының әйелдер арасында жұмыс жүргізу бөлімінің меңгерушісі Дулыгинова жолдас ашты.

Жыйылыстың президиумында — ҚК(б)П обкомының секретарьлары Конин, Пильгук, облыстық кеңес атқару комитетінің председателі Юльков, ҚК(б)П қалалық комитетінің секретарі Дегтяренко, қалалық кеңес атқару комитетінің председателі Порфирьев, ет комбинатының Ленин орденді қызметкері З. Табылдинова және басқа жолдастар болды.

Хүрметті президиумға Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдас бастаған ҚК(б)П Орталық Комитеті саясаттық бюросының мүшелерін сайлау жөніндегі ұсынысты жыйналғандар ду қол шапалақтаумен қарсы алды. Үйікті көсеміміз Сталин жолдастың есімі аталғанда жұрт ұзақ қол шапалақтап, үлкен хүрмет көрсетті.

ҚК(б)П облыстық комитеті мектеп бөлімінің меңгерушісі Яворская жолдас халықаралық әйелдер күні 8 март туралы баяндама жасады.

—Кеңес әйелдері мен бүкіл халқымыз быйыл әйелдер күнін,—деді баяндамашы, —неміс басқыншыларға қарсы күресте батыр Қызыл Армиямыз тамаша жеңістерге жеткен тарихи кезеңде өткізіп отыр. Кеңес әйелдері Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қаһармандықпен қорғауда. Кеңес әйелдері отан соғысы майдандарында да, тылда да Отанымызға шексіз берілгендігін көрсетті.

Сан мыңдаған кеңес әйелдері неміс басқыншыларға қарсы күресте қаһармандық, батырлық көрсеткені үшін ордендермен және медальдармен наградталды.

Қазақ халқының ардагер қызы, аға сержант Мәншүк Мәметова ежелгі Невель қаласын азат ету ұрыстарында қаһармандық көрсетті. Қазақ халқының ардагер қызы Мәншүк Мәметоваға Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді.

Мыңдаған кеңес әйелдері жараланған жауынгерлер мен командирлердің өмірін сақтауда. Әйелдер майданға кеткен ерлерінің, әкелерінің, аға-інілерінің орнына өндірісте еңбек істеп, күрделі мамандықтарды меңгеруде. Жеңіс күнін жақындату үшін әйелдер барлық күш-қайратын жұмсауда.

Жыйылысқа қатынасушылар зор қуаныспен кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа құттықтау телеграмма қабылдады.

Салтанатты жыйылысқа қатысушылар жыйылыстан кейін «Қайықшы қыз» постановкасын көрді.

Металлургия заводы жұмысқа қосылды

Өзбекстанның еңбекшілері металлургия заводының мартен пешін жұмысқа қосып, тамаша табысқа ие болды.

Заводтың бұдан бір жыл бұрын асталған құрылысы шапшаңдатылған әдіспен жүргізілді. Құрылыс жұмысында жергілікті жабдықтар еңінен пайдаланылып, жұмыс қызу жүргізілді, құрылысшылар жаңа аянбай еңбек істеді. Металлургия мамандығын меңгеретін ұлт кадрлары дайындалды. Жаңа агрегаттарды игеруде Донбас пен Оралдың металлургтері зор көмек көрсетуде.

Өзбекстанның металлургия заводы өз республикасын металмен жабдықтап, неміс-фашист басқыншыларға қарсы отан соғысында Өзбекстанның атқаратын ролін бұрынғыдан да арттыра түсті.

(ТАСС).

КЕҢЕС ИНФОРМБЮРОСЫНАН

7 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

7 мартта 1-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды өрістете отырып, Тарнополь облысының аудан орталығы—ПОДВОЛОЧИСКІ қаласы мен үлкен темір жол станциясын, Каменец-Подольскі облысының СТАРАЯ СИНЯВА аудан орталығын алды, сол сыяқты ұрыспен 200ден аса басқа елді пунктті, оның ішінде РИДОМЛЬ, СВИНЮХИ, СТАРЫЙ ОЛЕКСИНЕЦ, ДОБРОВОДЫ, ИГРОВИЦА, КЛЕВАНОВКА, КОРШИЛОВКА, ВЕРБОВЦЫ, БОЛЬШИЕ ПУЗЫРЬКИ, ГРАЧИ, ЗЕЛЕНЦЫ, ЖАБЧЕ, САМЧИКИ, СВИННАЯ, ЛАДЫГИ, ЛАЖАВА, ДЕСТЕРОВКА, ПАСЕЧНА, ИВКИ, ТЕРЕШПОЛЬ, КАЧАНОВКА, СКАРЖИНЦЫ, БЕСПЕЧНА елді пунктері мен ЧЕТЫРБОКИ, БОЛЬШИЕ ПУЗЫРЬКИ, ЛАЖАВА темір жол станцияларын алды. Шабуылымыздың бірсыпра учаскелерінде дұшпан жаяу әскерлерінің және танктерінің ірі күшімен қарсы атакаға шықты, алайда, жау адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратылып, оның қарсы атакалары тойтарылды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра пунктте жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

6 мартта әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 78 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 71 самолеті атып түсірілді.

8 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

8 мартта 1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, Каменец-Подольскі облысының ЧЕРНЫЙ ОСТРОВ аудан орталығын алды, сол сыяқты ұрыспен 100ден аса басқа елді пунктті, оның ішінде ЗАХАРОВЦЫ, ГРУЗЕВИЦА, БОЛЬШИЕ және МАЛЫЕ ЗОЗУЛИНЦЫ, ТЕРЕШКИ, МАЗЕПИНЦЫ ВОЛОСОВЦЫ, ПИЛЯВА, ЛИПАНОВЦЫ, БУГЛАЙ, ТЕЛИЖИНЦЫ, БОЙТОВЦЫ, САЛЬНИЦА, МОРОЗОВКА, МАРКУШИ үлкен елді пунктерін алды. Әскерлеріміз СТАРО-КОНСТАНТИНОВ қаласына жақын келіп, қаланың шет аймақтарында ұрыстар шиеленістірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра пунктте жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

7 мартта әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 71 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 98 самолеті атып түсірілді.

* * *

1-Украин майданының әскерлері шабуыл жасауда болды. Дұшпан жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерін асығыс алып келіп, әлде неше рет қарсы атакаға шықты. Танкистеріміз бен жаяу әскерлеріміз неміс әскерлерін қуып тастады да жауға өкпе түстан қауырт соққы беріп, Каменец-Подольскі облысының Черный Остров аудан орталығын және 100ден аса басқа елді пунктті алды. Черный Остров үшін болған ұрыста немістердің екі полк жаяу әскері талқандалды. Дұшпаннан көп зеңбірек, миномет, жаяу әскер қару-жарағы, ок дәрі, азық-түлік және соғыс мүлкі қойылған бірнеше ірі складтар қолға түсірілді. Кенее бөлімдерінің соққысы астында кері шегіне отырып, немістер батпакка баткан танктерін, зеңбіректері мен автомашиналарын қалдыруда. Әсресе дұшпан әскерлерінің аса маңызды базасына айналған Старо-Константинов қаласы ауданында кескілескен ұрыстар болды. Немістер Шепетовка—Старо-Константинов тас жолы учаскесінен қайтканда айрылып қалмауға тырысты. Әскерлеріміз немістерге өкпе түстан соққы берді де дұшпанның осы манда қыймыл жасап жүрген әскер топтарын негізгі күштерінен бөліп тастады, сөйтіп оны жойды. Кеңес бөлімдері шеберлікпен маневр жасай отырып, түс-түс жақтан Старо-Константинов қаласына жақын келді, және қаланың шет аймақтарында ұрыстар шиеленістірді. Бұл ауданда күн тәулік ішінде немістердің 3.000 дай солдаты мен офицері, 25 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі жойылды. Екінші бір учаскеде немістер 100 шамалы танкін қарсы атакаға шығарды. Танкистеріміз, артиллеристеріміз бен броньбұзушыларымыз немістердің 42 танкін өртеді, қыйратты, сөйтіп гитлершілдерді кері қуып тастады.

* * *

Нарва бағытында бір ауданда неміс жаяу әскерлерінің ірі күштері қарсы атакаға шықты. Кеңес артиллеристері мен минометчиктері жауға пәсерлете ок жаудырып, дұшпанды орасан көп шығынға ұшыратты. Немістер ұрыс болған жерде 900дей өлігін қалдырып, тозғындап кері шегінді. Немістердің 3 танкі мен өздігінен жүретін бірнеше зеңбірегі қыйратылды.

Авациямыз дұшпанның шоғырланған әскерлері мен техникасын бомбалап, оны орасан зор шығынға ұшыратты. Бір күнгі әуе ұрыстарында немістердің 11 самолеті атып түсірілді. Оның үстіне, екі аэродромда дұшпанның 32 самолеті жойылды.

* * *

Қызыл тулы Балтық флотының авиациясы дұшпанның 4 тральшигі мен бір күзет катерін суға батырды.

* * *

Қырымда қыймыл жасаушы партизан отряды дұшпанның керуенінде тап берді. Партизандар кескілескен шайқаста жаудың осы керуенді басқарып келе жатқан 98 солдаты мен офицерін жер жастантты. Дұшпаннан 407 ат, соғыс жүгі тиелген 108 ат-шана және 76 винтовка қолға түсірілді. Каменец-Подольскі облысының майданға жапсарлас аудандарында қыймыл жасаушы Украин партизандарының отряды неміс оккупанттарға қарсы ұрыста бір ротадай гитлершілді қырып салып, жаудан олжа қолға түсірді.

* * *

Немістердің 16-танк дивизиясының 2-танк полкіндағы 1-ротаның Звенигородканың оңтүстік-батыс жағында қолға түсірілген ефрейторлары Гергард Линднер мен Гергард Дамм былай деді: „Винницаның шығыс жағында болған ұрыстарда полкіміз өзінің техникасының көпшілігінен айырылды. Январьда 1-батальон өздігінен жүретін жаңа зеңбіректер, ал, 3-батальон жаңа танктер алған еді Январьдің аяқ шенінде біздің екінші бір танк бөлімімен бірге Звенигородка қаласына жіберді және алдымызға немістердің Корсунь-Шевченковский ауданында қоршауда қалған әскер тобына қайтканда өту міндеті қойылды. Алғашқы күннен бастап-ақ орыс артиллеристері бізді орасан көп шығынға ұшыратты. Алайда, офицерлер „біз қанша шығынға ұшырасақ-та қоршалған дивизияларды „қақпаннан" шығарып алуға тиісміз" дегенді айтумен болды. Іс қайғылы аяқталды. Танктеріміздің барлығынан дерлік айырылдық, сонда да қоршаудағы әскер тобына өте алмадық".

* * *

Неміс-фашист сұрқиялардың Каменец-Подольскі облысындағы Славута қаласын да істеген жауыздық істері жөнінде төменде акты жарияланады: „Гитлершіл сұрқиялар оккупация уақытында Славута қаласының және оның маңындағы селолардың мыңдаған бейбіт адамдарын азаптап, соққыға жықты, атып өлтірді. Су тартатын башняның жанындағы әскерлер тұратын қалада жаппай атып өлтіршілік жүргізілді.

Қала тұрған жерде немістер адамдар жыйналатын орталық лагерь құрып, бұған кеңестің тұтқындағы азаматтарын және оң жақ Украинада соғыста қолға түсірілгендерді қамады. Лагерьдің тәртібі кеңес адамдарын қайтканда көптеп қыруға бағытталды. Тұтқындағылар тәулігіне тарының ұны мен кебек қосып пісірілген азғана нан және қатықсыз қара көже алды. Кей уақыттарда тұтқындағылар 5-6 күн бойы ешбір тамақ ала алмады. Лагерьде жұқпалы аурулар етек алды. Сүзекпен және ішауырумен ауырғандар дені сау адамдармен бірге орналастырылды. Тұтқындағылардың өлуі көбейді. Аштықтан, аурудан, соққыдан және фашист жендеттердің қолынан 12.000 кеңес азаматы қаза тапты. Қызыл Армия бөлімдері Славута қаласын алғанда лагерьде 800дей адам болды. Олардың көпшілігі орындарынан қозғала алмайтындай жағдайда еді. Оның үстіне, лагерь территориясынан аштықтан өлген тұтқындардың жүздеген өлігі табылды".

Славута қаласының актіге қол қойған адамдары: дәрігер Бойцешук, оқытушы Высоцкая, май заводының қызметкері Федорова, слесарь Енин, ксендз, Милевский, Славут лагеріндегі бұрынғы соғыс тұтқыны Панкин және басқалары.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Редакцияның адресі: КССР. Петропавл қаласы. Ленин көшесі. 12. Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. ТВ 00405.